Соглашение
о приостановке договора на проведение комплексной вневедомственной экспертизы по рабочему проекту «Строительство системы канализации, строительство канализационного очистного сооружения (КОС) на 6,5 тыс.м3/сут на побережье оз. Алаколь Алакольского района Алматинской области. II очередь» от 25 августа 2020 года № 01-1182

город Нур-Султан 13.10.2020

Государственное учреждение "Отдел жилищное коммунального хозяйства и жилищной инспекции Алакольского района" именуемое в дальнейшем **«Заказчик»**, в лице Руководителя Аханова Д.Ж. действующего на основании Положения с одной стороны, **Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза»)** именуемое в дальнейшем **«Исполнитель»**, в лице Генерального директора Карагойшина Т.Д. действующего на основании Устава с другой стороны и **Товарищество с ограниченной ответственностью "Алакөл-Жоба"** именуемое в дальнейшем **«Плательщик»**, в лице Директора Койжанова У.Ш. действующего на основании Устава, с третьей стороны, совместно именуемые как **«Стороны»**, заключили настоящее соглашение (далее – Соглашение) о нижеследующем.

1. На основании обращеня Заказчика от 06 октября 2020 года № 252 о невозможности надлежащего исполнения обязательств по договору на проведение комплексной вневедомственной экспертизы по рабочему проекту «Строительство системы канализации, строительство канализационного очистного сооружения (КОС) на 6,5 тыс.м3/сут на побережье оз. Алаколь Алакольского района Алматинской области. II очередь» от 25 августа 2020 года № 01-1182 (далее – Договор) в следствии режима карантина и поэтапного смягчения карантинных мер на территории Алматинской области Постановлением Главного государственного санитарного врача Алматинской области от 18 сентября 2020 года № 28, руководствуясь главой 3 «форс-мажор» Договора, Стороны пришли к соглашению **приостановить Договор на период с 06 октября 2020 года до 06 ноября 2020 года включительно.**

2. По истечении срока приостановки Договора Стороны продолжают исполнение Договора в их неисполненной (не завершенной) части **с 09 ноября 2020**

года в порядке и сроки, установленные Договором, с учетом сроков исполнения обязательств до даты приостановки.

3. Если после истечения срока приостановки Договора форс-мажорные обстоятельства по причинам, указанным в пункте 1 настоящего Соглашения будут длиться и препятствовать Заказчику надлежащему исполнению обязательств по Договору, Заказчик обязан письменно уведомить Исполнителя **не позднее 06 ноября 2020 года** и Стороны обязаны продлить срок приостановки Договора на период действия форс-мажорных обстоятельств, но не более 1 (одного) месяца с даты приостановки Договора.

В случае неполучения Исполнителем вышеуказанного уведомления от Заказчика и не заключения соответствующего соглашения о продлении срока приостановки Договора, Стороны приступают к продолжению исполнения Договора в их неисполненной (не завершенной) части **с 09 ноября 2020 года.**

4. В период приостановки Договора Заказчик обязан принять все зависящие от него меры для возможности надлежащего исполнения обязательств по Договору после истечения срока приостановки Договора.

5. Если форс-мажорные обстоятельства по причинам, указанным в пункте 1 настоящего Соглашения будут длиться более 1 (одного) месяца и Заказчик не приступит к исполнению Договора, Исполнитель, руководствуясь пунктом 3.3. Договора вправе отказаться от дальнейшего выполнения обязательств и расторгнуть Договор путем одностороннего отказа от его исполнения направив Заказчику уведомление за 5 (пять) календарных дней с приложением акта выполненных экспертных работ за фактически выполненные Исполнителем работы до даты приостановки Договора.

По истечении 5 (пяти) календарных дней с даты получения уведомления Договор будет считаться расторгнутым, что не прекращает обязательства Заказчика по оплате Исполнителю за фактически выполненные им работы до даты приостановки Договора.

6. Во всем остальном, не оговоренном настоящим Соглашением, Стороны руководствуются условиями Договора и нормами действующего законодательства Республики Казахстан.

7. Настоящее Соглашение составлено на казахском и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу, **вступает в силу с 06 октября 2020 года,** является неотъемлемой частью Договора.

8. Подписи Сторон

Заказчик:



Государственное учреждение "Отдел жилищное коммунального хозяйства и жилищной инспекции Алакольского района"

Руководитель

_____Аханов Д.Ж.
АХАНОВ ДАСТАН



Исполнитель:
Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза»)

Генеральный директор

_____ Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор

Карагойшин Т.Д.



Плательщик:



Товарищество с ограниченной ответственностью "Алакөл-Жоба"

Директор

_____Койжанов У.Ш.

Директор

Койжанов У.Ш.



«Алматы облысы Алакөл ауданы Алакөл көлінің жағалауында тәулігіне 6,5 мың м3 канализациялық тазарту құрылысын (КТҚ) салу, канализация жүйесін салу. II кезек» жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған 2020 жылғы 25 тамыздағы № 01-1182 шартты тоқтата тұру туралы келісім

Нұр-Сұлтан қаласы 13.10.2020

Бұдан әрі **«Тапсырыс беруші»** деп аталатын **"Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі** атынан Ереже негізінде әрекет ететін Басшысы Аханов Д.Ж., бір тараптан және бұдан әрі **«Орындаушы»** деп аталатын **Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК),** атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры Т.Д. Карагойшин өзге тараптан және бұдан әрі **«Төлеуші»** деп аталатын **"Алакөл-Жоба" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Директоры Койжанов У.Ш. үшінші тараптан, бұдан әрі **«Тараптар»** деп аталып, төмендегі туралы осы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты.

1. Алматы облысының аумағында карантиндік режимнің және карантиндік шектеулі шараларды бірітіндеп азайту нәтижесінде Алматы облысының Бас



мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 28 Қаулысы себебінен туындаған жағдайлар салдарынан «Алматы облысы Алакөл ауданы Алакөл көлінің жағалауында тәулігіне 6,5 мың м3 канализациялық тазарту құрылысын (КТҚ) салу, канализация жүйесін салу. II кезек» жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған 2020 жылғы 25 тамыздағы № 01-1182 шарт (бұдан әрі – Шарт) бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаудың мүмкін еместігі туралы Тапсырыс берушінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 252 өтініші негізінде, Шарттың «форс-мажор» деген 3-тарауын басшылыққа ала отырып, Тараптар Шартты **2020 жылғы 06 қазаннан 2020 жылғы 06 қарашаны қоса есептелгендегі кезеңге тоқтата тұру** туралы келісімге келді.

2. Шартты тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін Тараптар тоқтата тұру күніне дейінгі міндеттемелерді орындау мерзімін ескере отырып, Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде **2020 жылғы 09 қарашадан бастап** Шартты орындалмаған (аяқталмаған) бөлігінде орындауды жалғастырады.

3. Егер Шартты тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін осы Келісімнің 1-тармағында көрсетілген себептер бойынша форс-мажорлық жағдайлар созылып, Тапсырыс берушіге Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауына кедергі келтірсе, Тапсырыс беруші Орындаушыға **2020 жылғы 06 қарашадан** кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға міндетті және Тараптар Шартты тоқтата тұру мерзімін форс-мажорлық жағдайлар әрекет ететін, бірақ Шарт тоқтата тұрылған күннен бастап 1 (айдан) аспайтын кезеңге ұзартуға міндетті.

Орындаушы Тапсырыс берушіден жоғарыда көрсетілген хабарламаны алмаған және Шартты тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы тиісті келісім жасаспаған жағдайда, Тараптар **2020 жылғы 09 қарашадан** бастап Шартты орындалмаған (аяқталмаған) бөлігінде орындауды жалғастыруға кіріседі.

4. Шартты тоқтата тұру кезеңінде Тапсырыс беруші Шартты тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкіндігі үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдауға міндетті.

5. Егер осы Келісімнің 1-тармағында көрсетілген себептер бойынша форс-мажорлық жағдайлар 1 (бір) айдан артық уақытқа созылса және Тапсырыс беруші Шартты орындауға кіріспесе, Орындаушы Шарттың 3.3-тармағын басшылыққа ала отырып, міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға және Орындаушының Шартты тоқтата тұру күніне дейін іс жүзінде орындаған жұмыстары үшін орындалған сараптама жұмыстарының актісімен қоса Тапсырыс берушіге күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын хабарлама жібере отырып, оны орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту арқылы Шартты бұзуға құқылы.

Хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн өткен соң Шарт бұзылған болып саналады, бұл Орындаушыға Шартты тоқтата тұру күніне дейін



оның іс жүзінде орындаған жұмыстары үшін ақы төлеу бойынша Тапсырыс берушінің міндеттемелерін тоқтатпайды.

6. Осы Келісімде көрсетілмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Шарт талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын басшылыққа алады.

7. Осы Келісім әрқайсысы бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде, жасалды, **2020 жылғы 06 қазаннан бастап күшіне енеді,** Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

8. Тараптардың қолдары

Тапсырыс беруші:
"Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі

Басшы

_____Аханов Д.Ж.
АХАНОВ ДАСТАН



Орындаушы:
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)

Бас директор

_____ Т.Д. Карагойшин
Бас директор

Т.Д. Карагойшин



Төлеуші:
"Алакөл-Жоба" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор

_____Койжанов У.Ш.
<<Подпись плательщика kz (не удалять)>>